

П. А. ЕСЕНБЕКОВА

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҒАШ ҚАЛҚАНШАЛЫЛАРЫ (HETEROPTERA, ACANTHOSOMATIDAE) ФАУНАСЫНА

(КР ҰҒА академигі Т. Н. Досжановтан ұсынылған)

Зерттеу нәтижесінде ағаш қалқаншалылары (Acanthosomatidae) түкымдасының 4 туысынан 10 түр табылып отыр. Бұлардың ішіндегі *Cyphostethus tristriatus* F. түрі бұл аймақта алғаш кездесіп отыр. Ағаш қалқаншалылары әртүрлі ағаш, бұталарға, оның ішінде жеміс және сөндік ағаштарға, орман түкым өсіру шаруашылығына зиян келтіреді.

Бұл жұмыска негіз болған – автордың көп жылдар бойы Оңтүстік-Шығыс Қазақстаннан жинаған материалдары. Мақалада ағаш қалқаншалылары түкымдасына толық экологиялық-фаунистикалық шолу жасалып отыр. Қазақстанда осы түкымдасты арнайы зерттеп, ешқандай ғылыми еңбек жазылмаған, тек Алматы қаласының Бас ботаника бағының ағаш-бұта қандалалары жайлы автор мен Д.Б.Каримованың тезисі

жарық көрген [3] және Р.Б.Асанованың енбектерінде жалпы түкымдас жайлы қыскаша мәліметтер берілген [1, 2].

Түкымдас қандалалары бұталар мен ағаштарда тіршілік етеді, көбіне жемістері мен жапырактарының шырынын сорады. Ересек даралары орман төсөнішінде қытайды. Олардың қоректік өсімдіктері жеміс беретін бұталар мен ағаштар. Фитофагтар. Жылына бір рет үрпақ береді.

Төмөнде зерттеу нәтижесінде табылған түрлер туралы мәлімет берілген.

Acanthosoma forcipatum Reuter, 1881. Іле Алатауы, Жонғар Алатауы, Іле өзені аңғары тоғайлары. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның таулы аймактарынан белгілі. Әртүрлі ағаштар мен бұталарда (жеміс ағаштары, тал, шырғанақ, доланада) кездесі. Орман түкім шаруашылығына зиян келтіреді.

Acanthosoma spinicolle Jakovlev, 1880. Іле Алатауы, Жонғар Алатауы, Солтүстік Тянь-Шань. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда әртүрлі ағаштар мен бұталарда тіршілік етеді. Қебіне қайың сырғаларында кездеседі, закымдалған сырғалар сарғайып, курап түседі. Ересектері мен дернәсілдері қаладағы бақтарда, екпе ағаштарда (алма, алмұрт, мойыл, т.б.) және сәндік ағаштарда кездесіп, жапырақ және жеміс шырынымен қоректенеді. Қыстап шыққан ересектері сөуір соңы мен мамыр басында шығады, сөйтіп қазанға дейін кездеседі.

Acanthosoma haemorrhoidale Linnaeus, 1758. Іле Алатауы, Іле өзені аңғары тоғайлары. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда қайың мен талдың әртүрлі түрлерінде кездеседі. Қайың, долана, тал, алма ағаштарының жапырактары мен жемістерінің шырынын сорады. Ересегі қытайды. Қыстап шыққан ересектері сөуір соңы мен мамырда шығып, бір рет үрпак береді де, қыркүйектің аяғына немесе қазанға дейін кездеседі. Қыстауға орман төсөніші астына тығылады. Қыстап шыққан қандалалар шілде ортасына дейін тіршілік етеді. Транспалеарктикалық түр.

Acanthosoma axillare Jakovlev, 1880. Іле Алатауы, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда таулы жерлердегі әртүрлі жапыракты ағаштарда тіршілік етеді. Бір рет үрпак береді. Мамырда шығады, қыркүйек соңына дейін кездеседі. Қыстауға ересек даралары орман төсөніші астына тығылады.

Elasmostethus brevis Lindberg, 1934. Іле Алатауы, Жонғар Алатауы, Іле өзені аңғары тоғайлары. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда таулы жерлердегі орман, тоғайларда кездесті. Транспалеарктикалық орман түрі. Талда, қайында, сирек қандағашта тіршілік етеді, жапырақ шырынын сорып қоректенеді. Әдебиет мәліметтері бойынша [4], қандалалар маньчжур жанғағында да тіршілік етеді. Швецияда ересек даралары мен дернәсілдері талдың аналық даналарында көп болып кездескен [6].

Elasmostethus interstinctus Linnaeus, 1758. Іле Алатауы, Шолақ тауы, Іле, Қаскелең өзендері аңғары. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда таулы,

далалы жерлердегі орман, тоғайларда кездеседі. Қалалы, елді мекенді жерлердегі екпе ағаштар, бақтар, сәндік ағаштарда кездесті. Қайың, тал, қандағаш, жөкеағаш, сирек көктерек пен үшқатта тіршілік етеді. Республиканың барлық жерінде кездеседі. Көп өсімдіккоректі қандалалар. Сөүірде шығады, казанға дейін тіршілік етеді. Алматы қаласында күзде, күн салқындағанда, үйге жи үшып кіреді. Бір рет үрпак береді. В.Г.Пучков [5] 18-28 жұмыртқа салатының анықтаған. Голарктикалық түр.

Elasmucha ferrugata Fabricius, 1787. Іле Алатауы, Күнгей Алатау, Жонғар Алатауы, Іле өзені аңғары. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда таулы, далалы жерлердегі орман, тоғайларда кездеседі. Әдеттегі түр, кей жерлерде өте көп болып кездеседі. Өзен жағалауындағы тоғайларда, бақтарда: қарақат, қожақат, долана, қайың, үшқаттарда жемістерін сорып тіршілік етеді. Жидекті бұталардың зиянкесі ретінде белгілі. Мамырда шығады, қыркүйек соңына дейін кездеседі. Қыстауға ересек даралары орман төсөніші астына тығылады. Транспалеарктикалық түр.

Elasmucha betulae De Geer, 1773. Іле Алатауы, Жонғар Алатауы, Іле, Шелек өзендері аңғары Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда таулы, далалы жерлердегі орман, тоғайларда кездеседі. Табиғи орман мен екпе ормандарды мекен етеді. Бұл түрдің таралу аймағы қайынның таралуымен тығыз байланысты. Қайың қандаласының дернәсілдері қайында коректенген кезде дамуы дұрыс өтеді. Қайың, тал, қараған, қандағаш, жөкеағаш, көктерек және басқа да жапырақты ағаштарда тіршілік етеді. Ересек даралары көпкоректі, сондықтан қандалалар осы ағаштардың жапырақтарын сорып қоректенеді. Сөуір соңы мен мамыр басында шығады. Ересек даралары сүйк түскенен кейін, қыркүйек соңы мен казанда орман төсөніші астына қыстауға кетеді. Республиканың барлық жерінде кездеседі.

Elasmucha grisea grisea (Linnaeus, 1758). Іле Алатауы, Күнгей Алатау, Жонғар Алатауы, Іле өзені аңғары. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда таулы, далалы жерлердегі, өзен жағалауларындағы орман, тоғайларда, бақтарда кездеседі. Дернәсілдері тек жапырақты ағаштарда, қебіне қайында, сирек көктерек пен қандағашта дамиды. Ересек даралары көпкоректі. Мамырда шығады, казанда орман төсөніші астына қыстауға кетеді. Жылына бір рет үрпак береді. Транспалеарктикалық орман түрі.

*Cyphostethus tristriatus** Fabricius, 1787. «Алтынмел» табиги бағы, Қояндытау тауы, Ұзынбұлак сайы, аршада тіршілік етеді. Бұл аймақта бірінші рет кездесіп отыр.

Зерттеу нәтижесінде ағаш қалқаншалылары (Acanthosomatidae) түкымдастының төрт туысынан он түр табылып отыр. Бұлардың ішіндегі *Cyphostethus tristriatus* F. түрі бұл аймақта алғаш кездесіп отыр. Ағаш қалқаншалылары өртүрлі ағаш, бұталарға, оның ішінде жеміс және сөндік ағаштарға, орман түкым өсіру шаруашылығына зиян келтіреді. Бұл түкымдас өкілдерінің басым көпшілігі зоогеографиялық тарапалуы жағынан транспалеарктикалық түрлер болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

Асанова Р.Б., Исаков Б.В. Вредные и полезные полуожесткокрылые (Heteroptera) Казахстана. Определитель. Алма-Ата: Қайнар, 1977.

Асанова Р.Б. Полужесткокрылые Казахстана. Инфраотряд Pentatomorpha. Часть II. Алматы, 1996. С. 86-92.

Есенбекова П.А., Каримова Д.Б. Полужесткокрылые

(Heteroptera) древесной и кустарниковой растительности Главного ботанического сада г. Алматы.

Кержнер И.М. О распространении *Elasmotethus brevis* Lindberg (Heteroptera, Acanthosomatidae) фауны СССР // Зоол. Журнал. 1964. Т. 43, № 10. С. 1563-1565.

Пучков В.Г. Щитники. Fauna України. Київ, 1961. Т. 21, вип. 1. С. 7-324.

Ossiannilsson F. The hostplant of *Elasmotethus brevis* Lindberg (Hem.) Entomol. Tidskr. 1969. V. 90, N 3-4. P. 210.

Резюме

В результате исследований выявлены из 4 родов 10 видов древесных полуожесткокрылых. *Cyphostethus tristriatus* впервые встречается в этом регионе. Древесные клопы являясь фитофагами, наносят существенный вред лесному хозяйству региона.

Summary

Ten species of acanthosomatids from 4 genera were determined during faunistic research. *Cyphostethus tristriatus* was found in southeastern Kazakhstan at first time. The representatives of this family, being phytophagous insects, are harmful species for regional forests.

КР БФМ Зоология институты

10.03.08ж. тусмі